



БҰЙРЫҚ

01.09.2022

Балқаш қаласы

ПРИКАЗ

№ 94

город Балхаш

Мектеп оқушыларының тамақтануын ұйымдастыру және тегін тамақтандыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы №598 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы №235 бұйрығымен енгізілген өзгерістер өзгерістерді ескере отырып) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен және буфеттік өніммен қамтамасыз ету шаралары ұйымдастырылсын.
2. Асханада оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруда төмендегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуы назарда ұсталсын:
 - 2.1. Әр сыныптың асханада тамақтану кестесі бекітілсін;
 - 2.2. Асханадағы кезекшілік кестесі жасалсын;
 - 2.3. Оқушылар арасындағы әлеуметтік қашықтықты сақтау шаралары қамтамасыз етілсін;
 - 2.4. Асхананы желдету және дезинфекциялау уақытылы іске асырылсын.
3. «Жалпыға бірдей білім беру қоры» есебінен жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, аз қамсыздандырылған және көп балалы отбасыларынан шыққан балаларға күніне 400 теңгеден, бюджеттік қор есебінен 1-4 сынып оқушыларына күніне 300 теңгеден тегін ыстық тамақ берілсін.
4. Ас мәзіріне сәйкес тамақтандырудың сапасын, тиімді бағадағы буфеттік өнім және ыстық тамақты ұйымдастыру үшін тамақтандыру нормаларының сақталуын тұрақты бақылау жүзеге асырылсын.

5. Ас мәзіріне сәйкес тамақтандырудың сапасын, тиімді бағадағы буфеттік өнім және ыстық тамақты ұйымдастыру үшін тамақтандыру нормаларының сақталуын тұрақты бақылау жүзеге асырылуын бақылау үшін бракераж комиссиясы құрылсын

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектептің әлеуметтік педагогы А.С.Сахароваға жүктелсін.

Мектеп директоры



С.Т.Сыздыкова